



www.mmg.kz

Мұнайлы ӘДЖЕ



«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ газеті • 2009 жылдың 1-мамырынан шыға бастады

mmgpress mangistaumunaigaz_jsc

№02(148), наурыз, 2022 жыл

ШУАҚ ШАШҚАН МЕРЕКЕ



«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жыл сайын көктем мерекесі қарсаңында ұжымдағы қыз-келіншектердің мерейін асырып, мерекелік шара ұйымдастырады. 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай кен орнындарында мұнайшы қыз-келіншектерге арналған концерт өтіп, ізгі жандар құрмет-кошеметке бөленді.



Жетібай кентінің мәдениет үйінде басталған мерекелік кеште өндірісте талай жыл абыройлы қызмет істеген бірқатар мұнайшы қыз-келіншектер марапатталды. Шараға қатысқан Жетібай ауылының әкімі Қуаныш Асанов ел дамуының негізгі көрсеткіштерінің біріне баланған мұнай өндіру ісіндегі мұнайшылар ұжымының, соның ішінде қайсар қыз-келіншектердің еңбегін ерекше бағалап, алғыс білдірді.

– Қадірлі жерлестер, құрметті мұнайшы қыз-келіншектер! Баршаңызды 8-наурыз Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын. Елдің әлеуе-тін көтеріп, экономикасын нығайтудағы Сіздердің еңбектеріңіз орасан. Алдағы уақытта да осы табандылықтарыңыздан таймай, ұжымның ұйытқысы, отбасыла-рыңыздың берекесі боп жүре беріңіздер! Көктем мерекесінде

баршаңызға амандық, дендеріңізге саулық, өндірісте табыстар тілеймін, - деді Қ.Асанов.

– Жылда осындай игі шаралар ұйымдастырып, көктемнің алғашқы мерекесінде қыз-келіншектерге жақсы көңіл-күй сыйлауға тырысамыз. Не дегенмен, ұжымның ұйытқысы да, ынтымағы да осы кісілер ғой. Барлық мұнайшы қыз-келіншектерді төл мерекемен құттықтап, өндірісте де, өмірде де тек жақсылықтар тілеймін, - деді «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының басшысы Болат Сейітмағанбетов.

«Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқарма басшылары Болат Сейітмағанбетов, Хэ Цзиньбо және «Жетібаймұнайгаз» ӨБ кәсіподақ ұйымының төрағасы Бекес Құлмұрынов өңірдің өндірісін өркендетуге үлес қосқан бірқатар әйел азаматтарды құттықтап,

басқарма атынан Алғыс хаттар мен Құрмет грамоталарын табыстады.

Бүгінгі таңда «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасында 150-ге жуық қыз-келіншек жұмыс істейді. Мереке қарсаңында компанияның алғысын иеленіп, қуанышы еселеніп тұрған олар ақжарма тілектерін айтты.

– Жетібай кенорнында 1997-ші жылдан бастап жұмыс істеймін. Мұнай дайындау және өткізу цехында коммерциялық мұнайды есепке алу торабының шеберімін. 25 жылым өндірісте өтті. Еш өкініш жоқ. Керісінше қазаққа бұйырған ең байлықтың бір бөлшегінде біздің де үлесіміз барына көңіл тоқ. Азды-көпті еңбегімізді елеп-ескеріп, мерекеде осындай қуаныш сыйлап жатқан компания басшыларына рақмет айтамын, - дейді Ағырыс Тасболатова.

– Еңбек ұжымының жыл сайын өз қызметкерлерін құттықтап, ерекше ықылас танытуы – компания тарапынан жасалған үлкен қамқорлық деп ойлаймын. Құрмет грамотасын алып қатты қуанып тұрмын. Барша әріптес қыз-келіншектерді бүгінгі мерекемен құттықтаймын. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын, - деді Қабат қысымын ұстау цехының операторы Роза Кенетаева.

Шара соңы М.Өскінбаев атындағы облыстық филармония жұлдыздарының концертіне ұласып, елімізге белгілі Бауыржан Ретбаев, Асанәлі Көшеров сынды таланттар әсем әннен шашу шашты. Мерейлі күні мереке төрінен табылған мұнайшы қыз-келіншектер үшін көктем мерекесі осылайша жақсы көңіл-күймен басталды.

Жалғасы 2-бетте



Төрт мезгілдің төресі -
ерке көктемнің ең көркем мейрамы

8 Наурыз

Тіпті болсын!



ШУАҚ ШАШҚАН МЕРЕКЕ

Шуақты мереке Қаламқас кенорнында жалғасып, сахна төрінде басқарма басшылары қазыналы аймақтың көркеюіне үлес қосқан аяулы жандарға ізгі тілектерін арнады.

«Қадірлі қыз-келіншектер! Сіздерді көктемнің ең ерекше мейрамы – 8 наурыз мерекесімен құттықтаймын. Бұл мереке халқымызда ең алдымен қастерлі ана ұғымымен байланысты айтылады. Өмірдегі ізгілік атаулының барлығы ананың ақ сүтімен келеді деп білеміз. Сіз бен біздің бұл өмірде жетер биігіміз, алар асуымыз осы ананың ақ тілегінің арқасында орындалады. Сондықтан ана



деген аяулы да қастерлі жан. Баласы үшін өз өмірін, тыныштығын, денсаулығын да беретін, әрине, тағы да осы ана. Сол үшін де бұл күн – ең ұлық мереке. Осы мұнай өндірісінде жүрген барша әйел азаматтарға басымды иемін. Мерекелеріңіз құтты, өмірлеріңіз шуақты болғай, - деді «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының бастығы Нұрпейіс Сәрсенбай.

Мерекеде «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басқарма төрағасының Құрмет грамотасын алып, мерейі тасып тұрған мұнайшы Бейбігүл Нысанова Қаламқас кенорнында 4-дәрежелі вулканизатор-престеуші болып жұмыс істейді. Ол ұзақ жылғы еңбегі еленіп, төл мереке қарсаңында қуанышқа бөленіп отырғанын айтады.



әртүрлі марапат, сый-сияпаттар беріп, концерт қойып, көңілімізді көкке көтеріп тастайды. Бүгін де ерекше сезімде тұрмыз. 8 наурыз мейрамында мерейімізді асырып, құрметтеп жатқан басшыларға айтар алғысым шексіз. Барша қыз-келіншектерді мерекемен құттықтаймын. Әр мереке жақсылығымен келсін. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын», - деді Б.Нысанова.

Ақ тілектер легінен соң Маңғыстау облыстық филармония өнерпаздары ән-жырдан шашу шашты. Бұл кеште төгілген күй, айтылған әннің барлығы әйелдер қауымына арналды.

Халықаралық әйелдер мерекесіне арналған салтанатты шара «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас кеңсесінде өтті. Шараға компания бас директорының бірінші орынбасары Сюй Шиго, бас директордың әлеуметтік-әкімшілік мәселелер жөніндегі орынбасары Ерболат Сәрсенов, компания қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы қоғамдық бірлестігінің төрағасы Мәди Кентанов қатысып, ел экономикасының еселеп артуына айрықша үлес қосып жүрген қыз-келіншектерді құттықтады.

– Қадірлі аналар, құрметті мұнайшы әріптес қыз-келіншектер! Төл мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын! «Әйел - өмір тірегі ғана емес, әйел - өмірдің өзі». Еліне тұтқа, ұрпаққа пана болған қазақ әйелдері қандай құрметке болса да лайықты. Ел мен ерге сын болған шақта сіздер қоғам жүгін қайыспай көтере білдіңіздер. Сіздер суыққа тоңып, ыстыққа

күйіп, алып шахардың қазынасын игеруде де жанкештілік таныттыңыздар, бірлік пен тұрақтылықтың сақталуына, өндірісті өркендетуге сүбелі үлес қостыңыздар. Олай болса, көктемнің осынау шуақты мерекесі көңілдеріңізді нұрға, жүректеріңізді жырға бөлесін. Әрқашан шаңырақтарыңызда береке болып, үйіңізден жылылық кетпесін. Сіздерге зор денсаулық, мол бақыт, отбасыларыңызға береке-бірлік тілеймін! – деді Ерболат Сәрсенов.



Салтанатты шарада компания әлеуетін көтеруде абыройлы еңбек етіп жүрген қызметкерлерге Алғыс хаттар мен Құрмет грамоталары табысталып, кеш соңы әннен маржан, жырдан шашу шашқан мерекелік концертке ұласты.

Жайық НАҒЫМАШ



СОЗДАВАЯ УСТОЙЧИВОЕ БУДУЩЕЕ

АО «Мангистаумунайгаз» - один из флагманов нефтяной отрасли Казахстана. За каждой тонной, за каждым баррелем добытой нефти стоит колоссальный труд тысяч людей: геологов и операторов, слесарей и сварщиков, инженеров и экологов, водителей и бухгалтеров, работников многих других профессий. И важно подчеркнуть, что успешные результаты деятельности компании во многом зависят от создания комфортных социально-бытовых условий для трудового коллектива. О том, каков сегодня быт нефтяников, о планах и задачах по улучшению условий проживания, питания, досуга работников, строительстве новых социальных объектов, развитии внутренних коммуникаций рассказал заместитель Генерального директора АО «Мангистаумунайгаз» по административным и социальным вопросам Ерболат Сарсенов.

Основной задачей руководства АО «Мангистаумунайгаз» является создание достойных социально-бытовых условий для своих работников, в том числе жилищных условий, условий для полноценного отдыха и досуга, организация качественного питания, предоставление качественных медицинских услуг.

В первую очередь большой акцент делается на улучшение условий проживания. Буквально недавно после капитального ремонта распахнуло свои двери общежитие на 52 койко-места на месторождении Каламкас, в ближайшее время ожидается ввод в эксплуатацию еще одного общежития. Жилые комплексы не только капитально ремонтируются, но и оснащаются всей необходимой мебелью и новой сантехникой. В целом в 2022 году под «ключ» планируется отремонтировать пять общежитий на Каламкасе: они также будут оснащены новой мебелью и сантехникой. Кроме того, в рамках инвестиционной программы ТОО «CASPIAN FOOD» в апреле текущего года планируется открытие нового общежития на 50 койко-мест, которое будет полностью оснащено всем необходимым. Таким образом, значительно улучшатся условия для проживания наших нефтяников.

Хочется отметить, что разработан и утвержден Правлением Общества пятилетний план по капитальному ремонту общежитий на месторождении Каламкас (2022-2026 г.г.). В рамках реализации данной программы планируется ежегодно под «ключ» ремонтировать по пять общежитий с полным оснащением новой мебелью, кондиционерами, сантехникой и т.д.

Еще одно важное событие это планируемое обновление мебели, сантехники, хозяйственных товаров, спортивного инвентаря в производственных управлениях Каламкас и Жетыбай. Данные товары длительное время не закупались, но в этом году Правление Общества дало одобрение на их закуп на общую сумму свыше 137 млн. тенге. В настоящее время ведется корректировка бюджета.

По линии организации общественного питания. На сегодняшний день на месторождениях Каламкас и Жетыбай функционирует 13 столовых, рассчитанных на 1940 посадочных мест, общее



количество питающихся составляет 5000 человек. Из них 1840 - работники АО «Мангистаумунайгаз», 2700 – работники подрядных организаций (АНС), 500 – сотрудники сторонних предприятий. Согласно Коллективного договора всем нефтяникам, находящимся на месторождениях, ежедневно выдается кисло-молочная продукция за вредные условия труда.

В 2021 году прошла полную реконструкцию столовая №3 на месторождении Каламкас, в рамках которой она была полностью оснащена новым оборудованием, мебелью, приборами и т.д. В целом все столовые на месторождениях оснащены бесконтактными картами доступа, позволяющими ускорить получение питания.

Большое внимание Правлением Общества уделяется качеству питания нефтяников и ассортименту блюд в

столовых. В целях осуществления контроля за правильной организацией питания, качеством приготовления пищи, соблюдением технологии приготовления пищи, а также за соблюдением санитарно-гигиенических требований при приготовлении и раздаче пищи создана бракеражная комиссия, в состав которой вошли работники производственных цехов, социальных отделов на месторождениях, а также работники курирующего департамента. Члены комиссии, прошли специальное обучение и теперь практически на постоянной основе ведут мониторинг столовых, в случае выявления нарушений, специалисты проводят контроль до полного устранения замечаний.

Что касается медико-санитарных услуг, то на сегодняшний день АО «Мангистаумунайгаз» заключило договор до 31 марта текущего года с ТОО «Нейрон Мед». Это позволило улучшить качественные показатели медицинского

К сожалению из-за пандемии COVID-19 оказался сокращен летний отдых детей наших работников. В этом году, надеемся, что эпидемиологическая ситуация улучшится, мы рассчитываем отправить детей в летние оздоровительные центры Казахстана. Уже в ближайший месяц работники социального отдела «Мангистаумунайгаз» посетят несколько летних лагерей Казахстана, чтобы воочию увидеть и оценить все преимущества и возможности оздоровительных центров, ознакомиться с инфраструктурой, условиями проживания, питания, досуга детей. Мы постараемся, чтобы дети нефтяников отлично отдохнули, укрепили свое здоровье, получили заряд бодрости и хорошего настроения, а также море позитивных эмоций.

Коронавирусная пандемия, к сожалению, серьезно повлияла и на наши планы по организации встреч Правления Общества с трудовыми коллективами на месторождениях Каламкас и Жетыбай. Из-за санитарных ограничений почти два года не проводились данные мероприятия. В будущем мы планируем возобновить встречи руководства с трудовыми коллективами. Подобный формат общения очень важен, поскольку помогает руководству компании, напрямую донести до работников свои идеи и планы, рассказать о выполненных работах, выслушать нефтяников, обсудить важные задачи и многое другое. Надеемся, встречи с трудовыми коллективами будут плодотворными и пройдут в конструктивном русле.

В заключение, остается добавить, что в целях пропаганды здорового образа жизни, физической культуры и спорта, укрепления здоровья и улучшения досуга нефтяников разработан и утвержден Правлением Общества план культурно-массовых, спортивных и интеллектуальных мероприятий на февраль-апрель месяцы текущего года. В рамках данного плана уже стартовали различные спортивные и культурные мероприятия на месторождениях Каламкас и Жетыбай. В частности, состоялся блиц-турнир по шахматам и шашкам, творческий вечер Домбыра кеші, с участием известных деятелей культуры региона, 1 марта в День Благодарности наши работники посетили ветеранов Общества, поздравили и вручили продуктовые корзины. Большая концертная программа была подготовлена для наших уважаемых женщин в честь 8 Марта.

Впереди нас ожидают любимые праздники Аманат и Наурыз, являющиеся символами наступления Нового года, обновления природы, доброты, взаимопонимания и уважения. Пусть эти праздники принесут в каждый дом радость и благополучие!

НАЗНАЧЕНИЕ



С 21 февраля 2022 года первым заместителем Генерального директора АО «Мангистаумунайгаз» назначен Суй Шиго.

Суй Шиго родился 20 ноября 1969 года.

В 1992 году окончил Китайский нефтяной университет, получив степень бакалавра, в 1998 году окончил Государственную академию нефти и газа имени И.М. Губкина, с сентября 1999 года по август 2000 года проходил обучение в Китайском университете международной экономики и торговли.

Суй Шиго трудовую деятельность начал в «CNODC» инженером-механиком.

С 1998 по 2009 год работал в системе АО «ШПС-Актобемунайгаз»: менеджером финансового отдела, главным бухгалтером, начальником управления, заместителем генерального директора (в 2002-2004 годах – финансовый директор СП «МунайТас»).

С 2009 по 2018 год - директор департамента реализации и закупки «CNODC».

В 2018-2020 годах – генеральный директор «CNPC Global Solutions Ltd».

С сентября 2020 года работал генеральным директором «Бузачи Оперейтинг Лтд».

С февраля 2022 года - первый заместитель Генерального директора АО «Мангистаумунайгаз».

ТАҒАЙЫНДАУ



2022 жылдың 14 ақпанынан бастап «Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының бастығы болып Болат Сүлейменұлы Сейітмағанбетов тағайындалды.

Б.С. Сейітмағанбетов 1971 жылы 12 ақпанда Маңғыстау ауданы, Тұщықұдық ауылында дүниеге келді.

1993 жылы В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын «Мұнай және газ кен орындарын игеру және пайдалану» мамандығы бойынша, 2014 жылы Алматы Менеджмент Университетін үздік бітірген.

Еңбек жолын 1993 жылы «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ №2 МГӨЦ Мұнай және газ өндіру операторы болып бастады.

Әр жылдары инженер-технолог, жетекші инженер, цех бастығы, өндірістік басқарма бастығы болып жұмыс істеді.

Көп жылғы адал еңбегі, мұнай-газ саласын дамытуға қосқан зор үлесі үшін «KAZENERGY» Құрмет грамотасымен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен, Мұнай және газ министрлігінің «Мұнай-газ саласының еңбек сіңірген қызметкері» төсбелгісімен және т.б. марапатталды.

Қайырымдылық

ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРГЕ КӨМЕК КӨРСЕТИЛДІ

1-наурыз «Алғыс айту» күніне орай, «Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ 40 жылдан аса компанияда қызмет істеген зейнеткерлердің үйіне арнайылап барып, басшылық атынан дәм-тарту жасады. Әлеуметтік мәселелер бөлімінің бастығы Саин Ғалидуллинның айтуынша, бүгінде компанияда 1500 зейнеткер бар. Аталған еңбек ұжымы өз зейнеткерлерін әр мереке сайын ешқашан ұмыт қалдырған емес.

«Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасында ұзақ жыл оператор болып еңбек еттім. Аллаға шүкір, адал еңбегіміздің зейнетін көріп отырған жайымыз бар. Құрметтің, сыйдың үлкен-кішісі болмайды. Бүгін арнайы келіп, Басқарманың атынан ала келген сый-сияпаттарыңызға рақмет айтамын. Қуанып қалдым» - деді мұнай саласына 40 жыл өмірін арнаған зейнеткер.

Бұдан өзге, әр салада қызмет істеген зейнеткерлерге Компания атынан тұрақты әлеуметтік көмектер, бір жолғы төлемақылар қарастырылған. Атап айтқанда, 8 наурыз, Мұнайшылар күніне орай берілетін сыйақылар мен мерейлі жасқа толған зейнеткерлерімізге 153 000 теңге көлемінде біржолғы көмек көрсетіледі. Бұл өтемақылардың барлығы зейнеткерлерімізге деген үлкен қамқорлық.

1997 жылы ЖУТТ мекемесінде бухгалтер, кейіннен Қоғамдық тамақтандыру бөлімінде ұзақ жыл қызмет істеген Жұмагүл Айбазарқызы:

«Көктеммен бірге келген көлдей көңіл-деріңізге ризамын. Азды-көпті еңбегімізді елеп-ескеріп жатқан мекемемізге алғыс айтамын. Жақсы бастамаларың, ізгі істерің ұзағынан болғай!» - деп тілек-ниетін білдірді.

Бұл үрдістің үзілмей, жалғасты болуына шынайы тілекші болған 9 зейнеткер ізге ерген ұрпақтың қазаққа тән қамқорлық, бауырмалдық, мейірім мен қасиеттің өшпей, өркен жайғанының тағы бір дәлелі деумен қоштасты. Алғыс алдық, Аллаға шүкір!

Домбыра кеші

ӨНЕР МЕН ӨНДІРІС

Ел экономикасына еселеп үлес қосып отырған «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясы өз қызметкерлерінің рухани қажеттілігін де ерекше назарда ұстайды. Мәселен, жыл сайын компанияға қарасты өндірістік басқармаларда мерекелік шаралар, концерттік бағдарламалар, спорт сайыстары ұдайы ұйымдастырылады. Бүгінде мұнайшылардың өз әдеби, мәдени ортасы қалыптасып та үлгерді.

27 ақпан күні «Қаламқас-мұнайгаз» өндірістік басқармасында өнерпаз мұнайшылардың басын қосып, атадан балаға мирас болған төл өнерімізді дәріптеген, дәстүрлі ән, жыр-терме, поэзия саласын ұштастырған «Қаламқас кештері» өтті. Аталған шараға жазушы, ақын, әзіл-сықақ жанрының майталманы Ереккен Қорабаев, «Қарақат» өнер мектебінің жетекшісі Нұрсинат Жакешова, жыршы-термеші, республикалық байқаудың жеңімпазы Ізмұрат Молбаев арнайы келді.

«Бұл менің Қаламқасқа алғаш келуім емес. Мұнайшылар жыл сайын құрметтеп шақырғанда қуанып қаламын. Азды-көпті еңбегімізді бағалап, менің әзіл-дерімді жақсы көретін патша көңілдеріңізден айналдым. Бүгінгі кеш қатып қалған сценариймен өткен жоқ, арқа-жарқа ауылдағыдай әңгіме айтып, мәре-сәре болдық. Осы рухани кештің тұрақты өтуіне мұрындық болған «Маңғыстау-мұнайгаз» компаниясына, елпідеп жүгіріп жүрген ұйымдастырушы Еділ Бекмұратқа алғыс айтамын. Өндіріс пен өнерді қатар алып жүрген кенорнының болашағы жарқын болғай!» - дейді Ереккен Қорабаев.

Кеш барысында Қаламқас мәдениетінің өркендеуіне сүбелі үлес қосып жүрген мұнайшы өнерпаздар өз өнерлерін ортаға салды. «ОСК» мекемесінің қызметкері Ескендір Науханов әсем әнмен әрлесе, Нұрсинат Жакешова

«Екі сағаттың қалай тез өте шыққанын байқамадық. Өте әсерлі кеш болды. Әсіресе, Ереккен ағамызды жыл сайын асыға күтетініміз рас. Ағаның әзілдерін жақсы көрмейтін қазақ жоқ шығар», - дейді тарқай алмай тұрған көпшілік.

Әдеби-сазды кеш «Жетібай-мұнайгаз» өндірістік басқармасында да жалғасын тапты. Қ.Өскенбаев атындағы мәдениет үйінің кең залында мұнайшылар жыр-терме, әсем ән тыңдап дәстүрлі өнермен бір сусындады. Жетіген аспабының үнінен төгілген сазды әуен жиылған жұртшылықты бір серпілті.



күмбез күй тартып кеш көркін қыздыра түсті. Жыршы-термеші Ізмұрат Молбаев қонақ кәдесін ұлт өнерінің маржан-жаухарларымен жалғады.

Ұлттық өнерді паш еткен шараға куә болған жұртшылық алғыстарын айтып, игілікті бастаманың жалғасты болуына шынайы тілектестік білдірді.

Ал былтыр ғана өткен «Қазақ мұнайшының 120 жылдығы және Қаламқас мұнайгаз өндірістік басқармасының 40 жылдығы аясындағы үлкен кеш әлі күнге көпшіліктің көңілінен кете қойған жоқ. Лайым, қадамы қарышты, өндірісі өрісті кенорын ізгі дәстүрімізден ажырамай, өнері мен өнерпазын мәпелейтін мекен болғай!

Спорт

МҰНАЙШЫЛАР СПОРТТЫҚ САЙЫСТАРДА БАҚ СЫНАДЫ

«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының әлеуметтік саясатының басым бағыты ол өндіріс жұмысшыларының бос уақытын тиімді және мазмұнды ұйымдастыру, саламатты өмір салтын қалыптастыруға жағдай жасау болып табылады. Мұнайшылар арасында ұйымдастырылған кезекті жарыс шахмат пен дойбыдан блиц-турнир болды.



Жарыс шымылдығын 25 ақпан күні жетібайлық мұнайшылар ашты. Аталған додаға мұнай кәсіпшілігінің әртүрлі цехтары мен учаскелерінен геологтар, операторлар, дәнекерлеушілер мен слесарьлар қатысты.

Компанияның спорт жөніндегі жетекшісі Нұрлыбай Елубаевтың айтуынша, шахмат пен дойбы ойнау логикалық ойлауды дамытып қана қоймай, тапқырлық, шапшаңдық секілді қасиеттерді ұштауға мол мүмкіндік береді. Нәтижесінде, шахмат бойынша блиц-турнирдің жеңімпазы №4 мұнай және газ өндіру цехының жөндеуші-слесарі Кенжебек Оңғалиев атанса, жүлделі екінші орынды аталған цехтың 5-дәрежелі слесарі Кемелбек Жұмағазин еншіледі. Мұнай дайындау және өткізу цехының операторы Зақария Адай жүлделі үштікті жапты.

Дойбы әуесқойлары арасындағы жарыста қабат қысымын ұстау цехының операторы Қуандық Алдабергенов жеңіске жетсе, сәйкесінше екінші және үшінші орын газ дайындау, тасымалдау және газ шаруашылығын пайдалану цехының слесарлері Нұрболат Көшербаев пен Ербол Қонысбаевқа бұйырды.

«Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасында дәл осындай қарқынмен өткен турнир де өз мәресіне жетіп, жеңімпаздар есімі анықталды. Сонымен шахмат шайқасында пайдаланыстағы жабдықтарды прокаттау-жөндеу цехының тазалаушысы Асқар Таусаров жеңіске жетсе, күміс медальді газ дайындау, тасымалдау және газ

шаруашылығын пайдалану цехының операторы Амандық Құрманқұлов алды. Қола қабат қысымын ұстау цехының қызметкері Медет Байталасовқа бұйырды.

Дойбы жарысында құрмет тұғырының жоғарғы сатысына №3 мұнай және газ өндіру цехының операторы Артур Қарасаев көтерілсе, аталған цехтың операторы Жасұлан Қапаров екінші орынды иеленді. Жүлделі үштікке Серік Ізімбаев ілікті.

Араға екі күн салып екінші ауысымындағы қаламқастық мұнайшылар үшін де блиц-турнир жалғасын тапты. Қаламқас кен орнындағы спорт кешеніне жиналған қатысушыларға турнир ережесіне сай тек сауатты ғана емес, тез ойнауға тура келді. Өйткені шахмат тақтасындағы бөлшектер қозғалысын ойлап жүруге шектеулі уақыт берілді.

Нәтижесінде шахмат бойынша блиц-турнирдің жеңімпазы дозиметрист Саяхат Ғаббасов болды, екінші орынды МГӨЦ-2 операторы Ардақ Алдашев, үшінші орынды МГӨЦ-2 операторы еркін Мұхамбетдиев иеленді.

Дойбыдан жарыста Қаламқас кен орнының спорт нұсқаушысы Хасен Боранбаев жеңіске жетті, МГӨЦ-2 операторлары Бектас Асанов пен Жасұлан Байтургановқа тиісінше екінші және үшінші орындар бұйырды.

Турнирдің барлық жеңімпаздары мен жүлдегерлері ынталандыру сыйлықтарымен және дипломдармен марапатталды.

3 наурыз күні "Маңғыстау-мұнайгаз" АҚ қызметкерлері боулинг турнирінде бақ сынасты.

Аталған спорттық додаға қоғамның түрлі құрылымдық бөлімшелерінен алты команда қатысты.

Жарыс нәтижесінде құқықтық қамтамасыз ету департаментінің қызметкерлері жеңімпаз атанды. Екінші орынға қаржы департаментінің әйелдер ұжымы жайғасса, жүлделі үшінші орын күрделі құрылыс департаментінің командасына бұйырды.

Жеке ойыншылар арасында күрделі құрылыс департаментінің технигі Марал Аманғалиева үздік деп танылды.

Барлық жеңімпаздар мен жүлдегерлер арнайы кубоктармен, медальдармен және ынталандыру сыйлықтарымен марапатталды.

Спорттық шара 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні мерекесі қарсаңында «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасында жалғасын тапты. Нәзік жандылар волейболдан сынға түсіп, командалық ойынның көрігін қыздырды. Тартысты өткен жарыста 1 орын «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы бас кеңсе командасына бұйырды. 2-ші және 3-орындарды «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының мұнайшы қыздары қанжығалады. Дүбірлі додада бақ сынаған барлық қатысушылар дипломдай және ақшалай марапатталды.



ҚАУІПСІЗДІК – БАСТЫ БАСЫМДЫҚ!

Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік қызметі 2022 жылдың 16-18 ақпан аралығында «Жетібаймұнайгаз» ӨБ нысандарында болып, өндірістік бақылау жүргізді. Бұған дейін Қоғам Басқармасының кенорындарына өндірістік бақылау жүргізу туралы өкімімен арнайы кесте бекітілген болатын. Құрамында еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік қызметінің басшысы Б.Б. Ләтіп, инженерлер Қ.Д. Муханов пен Б.Б. Нұранов бар арнайы топ «Жетібаймұнайгаз» ӨБ мұнай және газ өндіру цехы нысандарына тексеру жүргізді. Бұл тексерудің өзгешелігі - келеңсіз оқиғаларды болдырмай, тәуекелдердің алдын-алу үшін цех жұмысшыларына түсіндірме жұмыстарын жүргізу болды. Тексеру кезінде жұмысшылар тарапынан еңбек тәртібі мен қауіпсіздік ережесі бұзылған жағдайда, басты мақсат оларды бірден жазалау емес екені, оларға түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, ескертіп келесіде қайталамауды жете түсіндіру керектігі ескертілді. Дегенмен, Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік қызметінің басшысы бұзушылық қайта орын алған жағдайда Қоғам басқармасы тарапынан шара қолданылатынын да ескертіп өтті.



Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік қызметінің мамандары Жетібай кенорнында

Сонымен қатар өндірістік бақылау кезінде тексерушілерге, цех жұмысшылары көкейлеріндегі сауалдарын қойды, жеке қорғану құралдарының пайдалану мерзімдері бойынша қойылған сұраққа Бауыржан Ләтіп, авариялық жұмыстар кезінде жарамсыз болып қалған жеке қорғану құралдары пайдалану актісі бойынша алған күннен бастап ұзартылатыны туралы мәлімдеді. Сонымен қатар, жұмыс беруші есебінен Қоғам

қызметкерлеріне берілетін арнайы киім, аяқ киім және басқа да қорғаныс құралдарымен қоса апаттық жұмыстарға да химиялық қорғаныс комбинезондары берілетіндігін түсіндіріп берді.

Қоғам бойынша қауіпті өндірістік нысандарында өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының сақталуын өндірістік бақылау туралы ереже, еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесінің стандарты, денсаулық сақтау және кәсіптік қауіпсіздік

саласындағы қауіптерді сәйкестендіру, тәуекелдерді бағалау және бақылау рәсімі, жұмыс берушінің қаражаты есебінен арнайы киім, арнайы аяқ киім және басқа да ЖҚҚ беру нормасының стандарты сияқты нормативтік-құқықтық құжаттар енгізілгені түсіндірілді. Дәнекерлеушілер үшін жаңа үлгідегі арнайы киім (Цезарь), арнайы маскалар, арнайы көзілдіріктер сатып алуға, сондай-ақ футболка мен бейсболка сатып алу мақсатында бюджетті көтеруге Қоғам Басқармасының келісімін алынғанын да айта кетті. Бұл ақпаратты жұмысшылар жылы қабылдады.

Ешкім зардап шекпеуі керек!

Жұмысқа кірісер алдында ойлан!

Жұмысты қауіпсіз орында, немесе мүлдем орындама!

Жұмысты қауіпсіз орындауға әрдайым уақыт табылады!

Күманың болса анықта (сұра)!,- деп ұрандатқан қауіпсіздік қағидалары жұмыскерлер үшін жазылғанын ескерткен жұмысшы топ, «әр мұнайшы Компанияның басты құндылығы, оларды үйде отбасы күтіп отырғанын естен шығармаған жөн,- деп тарқасты.

ӨНДІРІСКЕ СЕРПІН БЕРГЕН

Құрылыс индустриясы – қашанда ел экономикасының негізгі іргетасы. Бүгінгі таңда заман талабына сай салынған құрылыс нысандары кенорындардың айбынын арттырып өндірістің өсіп-өркендеуіне жаңаша серпін беруде.



Қаламқас кенорнының №26 топтық қондырғыдағы өндірістік-тұрмыстық кешені

Соңғы жылдары Компанияда құрылыс жұмыстары жоғары қарқынмен жүргізіліп келеді. Ауқымды саланың серпінді дамуына білікті де білімді, іскер де қабілетті мамандар жұмылдырылған. Күрделі құрылыс департаменті кен орындарды игеріп, жаңа нысандарды салумен, жұмыс істеп тұрған нысандарды реконструкциялап, жаңғыртумен айналысып келеді. Негізгі қорларды да күрделі жөндеу, департамент еншісінде.

Өткен жылы Қаламқас кенорнындағы кешенді мұнай дайындау және айдау цехында жылдық қуаты 3 млн.тонна болатын мұнай дайындау қондырғысының құрамындағы 75 орындық асхана, Кен орынындағы қалдықтарды жинау және уақытша сақтау учаскесі пайдалануға берілді. Сонымен қатар 2x45МВт газтурбиналық электр станциясын газбен жабдықтау және сумен жабдықтауды қайта жаңғырту нысанының құрылыс жұмыстары аяқталып, ҒЗӨЖЦ-дағы өндірістік-лабораториялық корпус та іске қосылды. Қаламқас кен орнындағы базалық топтық қондырғы мен №26 топтық қондырғыдағы өндірістік-тұрмыстық кешеннің құрылысы мерзімінде аяқталды. Газ өндіру ұңғыларын жарақтандыру бойынша 5-ші іске қосу кешенінен екі ұңғы, 6-шы іске қосу кешенінен манифольд алаңы пайдалануға берілді.

Ал, Жетібай кен орынында 2021 жылы жиілету ұңғыларын жарақтандыру

орынынан салынуы тиіс маңызды нысандар бойынша жұмыстар басталып кетті. 82 дана жиілету ұңғымасын жарақтандырып, кенорнындағы кешенді мұнай дайындау және айдау цехында жылдық қуаты 3 млн.тонна болатын мұнай дайындау қондырғысын орнату көзделмек. Қаламқас кен орнындағы кешенді мұнай дайындау және айдау цехы мен Алдын ала су айыру қондырғысындағы технологиялық резервуарлар газтеңестіру жүйесімен жаңармақ. 2x45МВт газтурбиналық электр станциясын газбен және сумен жабдықтауды қайта жаңғырту бойынша су айдау бекетінде 1-іске қосу кешенінің жұмысы басталмақ. Газ түсіру ұңғыларын қайта жарақтау бойынша 1-іске қосу кешенінің



ОГ-200 №1,2,3 1-іске қосу қондырғыларын жаңғырту жоспарланған. №1-газ айыру қондырғысы, 2-іске қосу кешеніндегі 27 модульді компрессорлы бекетін кеңейтіп, «Шығыс Жетібай» кен орынынан модульді компрессорлы бекет салу көзделген. №1,2,4,5 біріккен блоктық сораптық станциясын қосымша сораптар орнату арқылы кеңейтіп, мұнай дайындау және айдау цехының сыртқы электрмен жабдықтауын қайта жаңғырту, Асар кенорнындағы 12Б және 26Б өлшеу қондырғыларына қосымша жабдықтар орнату да биылғы жылдың жоспарында.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ кенорнындағы күрделі жөндеу жұмыстары аясында 2022 жылы сұйықтықты тасымалдауды және мұнай жинауды қамтамасыз ету үшін ұзындығы 137,53 км болатын металл құбырлар мен шыны талшықты құбырларды жөндеу, «Спутник» технологиялық жабдығын ауыстырып, су тарату пункті, буферлік және дренаждық ыдыстарды сонымен қатар 5000м3 және 10000м3 болатын болат тік қоймаларды жөндеу, 59 дана ұңғымада тербелмелі қондырғы іргетасын, 90 дана ұңғымада агрегатқа арналған алаңшаларды, бордюр қоршаулары мен бетон алаңшаларын жөндеу, топтық қондырғыларды сырлау және тағысын тағы жұмыстар биылдың еншісінде.

Бұл аталғандар тек өндірістік нысандар мен технологиялық қондырғылар құрылысының жұмысы ғана, одан бөлек әлеуметтік нысандардың жұмысын жіті қадағалау да құрыш білектілердің еншісінде.

Л.Жолдыбаева



КМДжАЦ ОГ-200 іске қосу қондырғылары қайта жаңғыртылуда

жұмыстары кезегімен АСАР-1, 37, 21, 7 – ұңғыларында жүргізілді. 1Б, 32 және Бектұрлы өлшеу қондырғыларының құрылысы бітіп, 5Е және 17 су тарату блоктарының жұмыстары жаңартылды. №33 және 34-ші топтық қондырғылар, «Жетібай кенорнындағы 1-газ айыру қондырғысы, 27 модульді компрессорлы бекетін кеңейту» бойынша 1-іске қосу бекеті пайдалануға берілді.

Күн тәртібінде - алда тұрған межелі міндеттер. Мәселен, биыл Қаламқас кен

Газ компрессор алаңы кеңейеді. Бірнеше цехқа жұмысшылар жуынатын душ орнатылып, 4Б және 6А біріккен блоктық сораптық станция кеңейтілмек, №48, 45, 26, 10-топтық қондырғыларға өндірістік-тұрмыстық кешен салынбақ.

Бұл аталған жұмыстармен Жетібай кен орынында да белгілі нысандардың құрылысы қатар жүреді. 105 дана жиілету ұңғымасын қайта жарақтандырып, жылдық қуаты 2,6 млн.тонна болатын кешенді мұнай дайындау және айдау цехындағы

